

Сарыағаш аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына!

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс жиырмамыншы сессиясы 2022 жылдың 20 сәуір күні сағат 16:00-де Сарыағаш аудан әкімдігінің мәжіліс залында өтетіндігін хабарлаймын.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2022 жылдың 20 сәуір күні сағат 10:00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында өтеді.

Сарыағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс сессиясының онлайн трансляциясы saryagashmaslihat.gov.kz сайтында жүргізіледі.

Сессия қарауына енгізілген мәселелер:

1. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №17-116-VII «2022-2024 жылдарға арналған қала, кент және ауылдық округтердің бюджеттері туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы;
2. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 қазандағы №56-512-VI «Сарыағаш ауданы әкімдігінің жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
3. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 қазандағы №29-295-VI «Аудан әкімдігі жанындағы қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша консультациялық-кеңесші орган құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
4. Сарыағаш ауданында әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы;
5. Сарыағаш ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2022 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы;
6. Сарыағаш ауданы, Құркелес және Тегісшіл ауылдық округтеріне қарасты кейбір елді мекендердің (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) дамыту және құрылыс салу схемаларын бекіту туралы.

**Аудандық мәслихат
хатшысы**

С.Таскулов